

63.3(57.23)6
А 89 4



АСЫЛ АЗАМАТ



**ЗАМЕЧАТЕЛЬНЫЙ
ЧЕЛОВЕК**



Книга должна быть возвращена
не позже указанного здесь срока

Количество предыдущих выдач

26/14 - 326/18

АСЫЛ АЗАМАТ
ЗАМЕЧАТЕЛЬНЫЙ ЧЕЛОВЕК

Петропавл – 2005

“Асыл мұра” орталығы

Ақылдастар алқасы: Ф. Қадірәлі, Қ. Мұқанов, С. Жұмабаев, Р. Шүкенова

Кітапты құрастырып, алғы сөзін жазғандар:
Ғалым Қадірәлі, Қайролла Мұқанов

Асыл азамат. Естеліктер. Петропавл - 2005. - 120 бет.

Бұл кітапта Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген гидротехнигі, ҚСРО өнертапқышы, Петропавл қаласының құрметті азаматы, көптеген ордендер мен медальдардың иегері, Солтүстік Қазақстан облысы ғана емес, Кеңес Одағы бойынша ең үлкен су жүйесін көп жылдар бойы басқарған Қаттай Кеншинбайұлы туралы естеліктер берілген.

Кітап көпшілік оқырмандарға арналған.

Центр “Асыл мұра”

Редакционная коллегия: Г. Кадрали, К. Муканов, С. Жумабаев, Р. Шукенова.

Составители книги:
Ғалым Кадрали, Қайролла Муканов

Замечательный человек. Воспоминания. Петропавл - 2005. - С. 120

В этой книге собраны воспоминания о жизни и деятельности замечательного человека, заслуженного гидротехника Казахской ССР, изобретателя СССР, кавалера многих орденов и медалей, почетного гражданина города Петропавловска, Кеншинбаева Каттая Бектасовича, посвятившего всю свою жизнь служению народу, внесшего огромный вклад в дело водоснабжения населенных пунктов Северного Казахстана и многих областей и краев бывшего СССР.

Книга рассчитана на широкий круг читателей.

38734

012





Қаттай Кеншінбайұлы
наурыз, 1996 жыл

Жүрек жарды сөзімді осы бір ардақты азаматқа әдейілей арнағым келіп еді, соның сәті бүгін түсіп отыр. Өйткені ол иі жұмсақ, иман жүзді, тұрпайы емес, сыпайы, таразысы қай жағынан, қай қырынан алсаң да тең түсетін адам еді. Мәдениеттілік, адалдық, тау бұлағындай тазалық оның бойына біткен қасиет болатын. Әрине, шат-шадыман думанды заманда адамның адами қасиеттерін тіршілік кезінде байқамай қаласың да, кейін өкінішпен еске алуға тура келеді. Иә, ол кісімен табақтас та болдық, қызмет бабында кездесіп те жүрдік. Оның, әсіресе, қайырымдылық қасиеттерін алдымен аңғарып едік.

Петропавлдағы облыстық қазақ мектеп-интернатының құрылғанына 50 жыл толуына арналған салтанатты мәжіліс болып өтті (1985 ж.). Мен ол кезде осы аталмыш оқу орынының директоры едім. Ол қаладағы жалғыз қазақ мектебі болатын. Осы салтанатты жиында Қаттай Кеншінбайұлы – “Союзцелинвод” тресінің басшысы құттықтау сөз сөйледі, жылы лебізін білдірді. Сөз соңында мектеп-интернат ұжымына үлкен сыйлық – оқу шеберханасына металл өңдейтін автоматтандырылған станок сыйлады. Бұдан бұрын да, бұдан кейін де ол біздің мектепке өз қамқорлығын, көмегін еш аяған емес.

Қаттайдың туған әкесі Кеншінбай, ал Бектас оның атасы. Бірақ сол кездегі сауатсыздықтың салдарынан құжат толтыруда әкесі атасы, ал атасы әкесі болып жазылып, орындары ауысып кеткен. Сөйтіп ол туғаннан бастап, өмірінің соңына дейін Қаттай Кеншінбайұлы атанады.

Өмір деректеріне сүйенсек, Қаттай Кеншінбайұлы 1929 жылдың 17 желтоқсанында Солтүстік Қазақстан облысы бүгінгі Аққайың ауданының (бұрынғы Бейнетқор, одан кейін Совет ауданының) Қызылту ауылында дүниеге келіпті. Дәлірек айтқанда Қызылту мен Полудин арасындағы “Үйтал” деген ауылда туған екен. Оған шектес жатқан “Бүркіт” деген ауылдың бүгінде орыны ғана жатыр, сол жерде ата-бабаларының, әке-шешелерінің зираты сақталған. Соларды бертін келе Қақен тауып алып, әке-шешесінің басына ескерткіш орнатқан. Қызылту ауылы “30 жылдық Қазақстан” колхозына, одан кеңшарға айналады.

Қаттай әкеден өте ерте айырылады, ал шешеден жеті жасында қалып таза жетім болып қалады. Бұның өзі жүрегін аттай тулатып, көңіліне қаяу салады, ата-ананың тәрбиесінен, тағлымынан, ыстық сезімінен сәби кезінен бастап айырылады. Бойы өсіп, бұғанасы қатқанша бала көңілі жабырқау болып, жүрегiнiң түбiнде өшпес таңба қалуы сөзсiз. Дегенмен, әке-шешенiң жоқтығын, жетiмдiктi сездiрмейтiн, қиын кезде қол үшiн беретiн ағайын болмақ, бұл ата салтымыз, ата дәстүрiмiз. Қаттайдың үш апасы, үш ағасы болған. Олар: Әзiмбай, Дайрабай, Нәзiрекбай, Құлтай, Жәмкетай, Қабиба едi. Отыз жетiнiң ызғары бұл жанұяны да шарпып өткен. Үлкен ағасы Әзiмбай iске iлiгiп, “Халық жауы” аталып, айдалады, атылады. Оның балаларын, қарындастарын және Қаттайды асырап арқалап жеткiзген Дайрабай ағасы едi.

1936 жылы Қаттай Қызылту бастауыш мектебiне барып, I сыныбына оқуға түсiп, оны аяқтағаннан кейiн (1940 ж.) Сартомар орталау мектебiне қабылданады. Сол кездегi мөлшермен есептегенде бұл жетi жылдық бiлiм. Ал, Сартомар деген жер бiздiң атақты ақын Мағжан Жұмабаевтың туған елi. Осы орталау мектептi тәмамдағаннан кейiн (1944) бiр жыл, тұрмыстың тауқыметiн тарта отырып, оқудан қол үзедi. Одан кейiн Көкшетау қаласындағы қазақ орта мектеп-интернатына түсiп, оны 1947 жылы бiтiрiп шығады, қолына орта бiлiм аттестатын алады. Бiр кездерi туыстарының ақыл-кеңесi бойынша өзiнiң ойы педагогикалық училищеге түсу едi. Қанша талпынғанмен таршылықтың әсерi және училищенiң 15 сомы жыртығын жамауға жетпейтiндiгi себеп болған шығар, ол ойынан қайтып, күнкөрiске, бiлiм алуға осы мектеп-интернат қолайлы болады деген қорытындыға келген. Дәм-тұздың тартуы болар, ақыры Ресейдiң Барнаул қаласынан бiр-ақ шығады. Ондағы Алтай ауылшаруашылығы машина жасау институтының “машина жасау технологиясы” факультетiне оқуға түседi (1947 ж.). Қазақ балаларының Ресей оқу орындарына, әсiресе, Сiбiр қалаларына оқуға бару ол кезде сирек кездесетiн құбылыс болатын. Барлығы орыстар, барлық сабақтар орысша жүредi. Алғашқы жылдары ауыр болса да кейiн ол өзiнiң алғырлығымен, зеректiгiмен, еңбек-қорлығымен оқуды жақсы игерiп кеткен. Сөйтiп, бес жыл қызықты студенттiк өмiрдi басынан өткiзiп, институтты абыроймен сапалы аяқтап, инженерлiк дипломын алып шығады (1952 ж.). Жаңа өмiр – еңбек жолы. Партияның нұсқауымен, комсомолдың жолдамасымен жас мамандар жер-жерге аттанады. Қаттай Кеншiнбайұлының алғашқы қадамы Томск

қаласындағы подшипник зауытынан басталған. Онда металды өңдеп майдалау цехының мастері болып қызмет атқарады (1952-1953. 10). Үкіметтің “Жастар ауылға!” деген үндеуі бойынша ол осы облыстың Колпашев ауданындағы Чежемто МТС-на жіберіліп, онда механик, аға инженер қызметтерін орындаған (1953.10.-1959.04.).

Томск Сібір жері, онда білім алады, Латышева Зинаида Александровна деген орыс қызына үйленеді. Ол кезде басқа ұлт қызына үйлену деген әбестік болмайтын, қайта ондай жұпты қошаметтеп, жоғары көтеретін. Қаттай Кеншінбайұлын бұл жөнінде бүгін де кінәлай алмаймыз. Уақыттың, жағдайдың, кезеңнің ыңғайын әрқайсымыз дұрыс түсінуге тиіспіз. Бұрынғы Одақ, бүгінгі шет ел – Ресейде табаны күректей 12 жыл жүріп, сахара, майда қоныр лебі бар, салқын самал желі бар өзі туған жеріне, аққайындар еліне сағынышпен оралады.

Зинаида Александровна 1979 жылы ауыр науқастан кейін қайтыс болады. Одан бір ұл, бір қыз туады. Кейін Қаттай Кеншінбайұлы Раушан Жүнісқызы Шүкеноваға үйленді.

Сөйтіп, ол көктемнің жаймашуақ күнінде (1959 ж.) өзінің туған еліне келіп оралады. Облысымыздың Мағжан Жұмабаев (бұрынғы Булаев) ауданы, Чистов кеңшарындағы Булаев тресіне қарасты “Еңбек және еңбек ақыны жоспарлау” бөлімінің меңгерушісі болып орналасады. Жас маманды көп кешіктірмей, 3-4 ай ішінде жаңа қызметке шақырады. Облыстық партия комитеті ауылшаруашылығы бөлімінің нұсқаушысы қызметіне тағайындалып, онда төрт жыл қызмет атқарады (1959.07 – 1963.06).

Одан соң Қаттай Кеншінбайұлы тікелей шаруашылық қызметпен айналысады. Атап айтқанда, Бүкілодақтық “Союзсельхозтехника” бірлестігіне қарасты құрылыс-монтаж басқармасының бастығы болып тағайындалады. Бұл қызметті абыройлы төрт жыл атқарып (1963.06 – 1967.06), екі жылдан аса облыстық мелиорация және су шаруашылығы басқармасын басқарады. Бұдан кейін алда үлкен абырой алатын, өмірінің соңғы ширек ғасырын сарп еткен, қызметінің тамаша жемісін көріп ләззат алатын үлкен іс күтіп тұр еді. “Биік мансап – биік жартас, өрмелеп жылан да шығады, қалықтап ұшып қыран да шығады”, - деп Абай айтқандай Қаттай Кеншінбайұлының дәрежесінің, мүмкін ой-арманының шарықтау шегі, әрі кезеңі осы болар. Ол - “Союзцелинвод” тресі.

1969 жылдың 5 қарашасында Кеңес Одағы мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің бұйрығымен Одақтық деңгейдегі құрылған “Союзцелинвод” тресінің бастығы болып тағайындалады. Бұл трест біздің облыста, Петропавл қаласында құрылған еді. Оның мәнісі бар. Сарыарқа жері малға да бай, кенге де бай, тың жер игерілгеннен кейін нанға да бай. Бірақ, суға кедей. Ауыз суға тапшы болды өлкеміз. Қалай десек те бұл мәселе алпысыншы жылдардың басында Одақ бойынша, мемлекеттік деңгейде өз шешімін тапты. Тың жердің бидайы елуінші жылдардың аяғында тасыса, ауыз суы алпысыншы жылдардың басында тасыла басталды. Сөйтіп, құнарлы солтүстік өңірдің малына да, жанына да өң кірді, ол әрине, судың арқасы.

Қ. Кеншінбайұлының өмірін кең көлемде жеткізу үшін алдымен аталмыш трест жөнінде толығырақ тоқтала кетейік. Өйткені, Қақең мен трест бірге біткен біртұтас организм іспеттес, бірінің бірінсіз тарихы үйлеспейтін сияқты.

“Союзцелинвод” тресі Одақтың мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің бір құрамдас бөлігі, үлкен өндіріс орыны. Трестің іргесі тың және тыңайған жерлерді игеру науқаны кезінде қаланған. Оның құрамында магистралды су құбырын пайдаланатын 14 басқармасы, 84 мың км ұзындығы бар топталған су құбырлары және одан тарамдалған 1,3 мың км су құбырлары бар. Бұл жөнінде облыстық, республикалық, Одақтық баспа беттерінде жиі-жиі жарияланды. Солардың кейбіреуіне тоқтала кетейік.

Мәселен “Правда” газетінде (15.X.1982 ж.) “Станет вода чистой” деген мақала жарық көріпті, қазақшасы “Су да тазарады” деген мағынаны білдіріп тұр. Сол мақалада су – тіршілік көзі, су болса диханшылардың, малшылардың ісі оңға басқандығы делінген. Одан әрі қарай газет трест ұжымының творчестволық ісін ашқан жаңалықтарын, мемлекетке, елге келтірген пайдасын жазады.

Ал, “Северный Казахстан” газетінің (16.XII.1999 ж.) санында “Қаттай – сын своей эпохи” деген А.Л. Жаукинаның мақаласы жарық көріпті. Онда Қазақстанды сумен қамтамасыз ету өндірісінің тізгінін Қаттай Кеншінбайұлы 25 жыл ұстап тұрды. Оның басқарумен мелиораторлар елге су берді, яғни тіршілік келді деген сөз. Ұзындығы 16 мың км су құбырын тартып, біздің облыс Гиннесс рекордтар кітабына еніп отыр. Иә, Қаттай Кеншінбайұлы дүниежүзіндегі ең ұзын

су құбырын басқарған атақты құрылысшы. Тың игерілді, өлкеміз өзгерді, құлпыра жайнады. Ауыл шаруашылығын кемеліне келтіріп, одан әрі нығайту үшін ауылды, кеңшарларды жаңа құрылған аудан орталықтарын одан әрі көркейту мақсаты қойылады. Сол мақсатқа жетудің алғашқы қадамы – су, яғни ауыз су, халықты зиянсыз таза сумен қамтамасыз ету. Самуил Маршактың сөзімен айтқанда, адамның нағыз достары – күн, ауа және су. Бұл үшеуін бір-бірінен айыруға болмайды. Күннің жылуы, ауа мен судың тазалығы жан рахаты емес пе. Сондықтан су мәселесінің кең көлемде, одақ бойынша шешілуі заңды іс. Тың өлкесінің ауыз суды Есіл, Ертіс, Тобыл, Нұра, Сілеті өзендерінен ғана алатындығы белгілі.

Үкіметтің нұсқауымен сол кезде біздің Солтүстік Қазақстанда өзінің ұзындығы жөнінде дүние жүзінде теңдесі жоқ, ең ірі магистралды су құбырлары салына бастайды. Олардың жалпы ұзындықтары ондаған мың километрге жеткен екен. Мәселен алпысыншы жылдары Есіл су құбырының ұзындығы 1700 км, Булаев су құбыры – 2500 км беріліп, олар Солтүстік Қазақстан облысының Тимирязев, Шал ақын, Жамбыл, Булаев, Возвышен, Аққайың, Қызылжар аудандарын, Қостанай облысының Қарасу, Урицк, Ленин аудандарын, Көкшетау облысының Қызылөскер, Чкалов, Ленинград, Қызыл ту аудандарын ауыз сумен қамтамасыз еткен. Алпысыншы жылдардың аяғында жетпісінші жылдардың басында ұзындығы 3350 км-ге жететін ең ірі Преснов су құбыры салынып, пайдалануға беріледі. Есіл және Тобыл өзендерінде екі су тоғандары жасалып сол Преснов су құбырымен, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Қостанай және Қорған облыстарының үш жүзден аса елді мекендеріне ауыз су жеткізілетін болды. Қазақстан жерінде барлығы 16 мың километр жер асты су құбырлары тартылып, екі мыңға жақын елді мекенге су жеткізілген. Алғаш Петропавл қаласында құрылыс дирекциясының жұмысы 1962 жылы басталған болатын. Құрылыс көлемінің өсіп, берілген су құбырларындағы суды пайдалану жұмыстарының артуына байланысты 1965 жылы “Союзцелинвод” тресі ашылған. Оның бөлімшелері Қазақстанның жеті облыстарында орналасты. Ауыл шаруашылығын сумен қамтамасыз ету мәселесінде бұл трестің беделі, тәжірибесі жалғыз Қазақстанда ғана емес, бүкіл Одаққа танымал болды.

Мұндай көлемді, тынысы кең тресті кім басқарады десек. Әрине, Қаттай Кеншінбайұлы сияқты сауатты, жігерлі инженерлер басқармақ. Нәтижесінде аталмышты трестің іс тәжірибесі Қазақстан шеңберінен шығып, бүкіл Одақ көлеміне тарайды, яғни Краснодар мен Алтай өлкелеріне, Куйбышев пен Саратов облыстарына, Қалмақ, Әзербайжан, Түркімен республикаларына жетеді.

Осы аз уақыт ішінде трест кемеліне келіп, жан-жақты дамып, техникалық жетістіктерге жетіп, аты әлемге әйгілі болды. Трест инженер-мамандарының іс тәжірибесі, білім дәрежесі артып, ғылыми жұмыстармен де айналысуға мүмкіндік алады. Суды алыс қашықтықтарға жеткізу, оны тазартудың технологиясы, яғни құбырлардың ішкі қабырғасын коррозиядан (тот басудан) сақтау, жалпы ауыл шаруашылығын сумен, оның ішінде салынған күрделі құрылысты тиімді пайдалану т.б. жөніндегі Союзцелинвод тресінің іс тәжірибесі, әдістемесі, ұсыныстары, нормативтік құжаттары кезінде Кенес Одағының мемлекеттік стандартқа енгізіледі. Трестің жаңашыл өнертапқыш инженерлері Қаттай Кеншінбайұлының басқаруымен өндіріске пайдалы автоматты аппаратын ойлап шығарады, сөйтіп ол бүкіл Одақ бойынша өндіріске енгізіледі. Яғни құм аралас цемент қоспасын пайдаланып, болат су құбырларының ішкі қабырғаларын 100 жыл уақытқа дейін сақтаудың жаңа технологиясын ұсынған. Одан соң, көп жылғы зерттеулер мен тәжірибелердің нәтижесінде диаметрлері 100 мм – 1400 мм аралығындағы су құбырларын тазалау агрегатын ойлап табады, ол өндіріске енгізіледі.

Бұл агрегаттың авторлары Мәскеудегі Бүкілодақтық халықшаруашылығы жетістіктерінің көрмесінде алтын, күміс, қола медальдарын алып грамоталар мен сыйлықтарға ие болды. Қаттай Кеншінбайұлының бір өзінде ашылған жаңалықтарының отызға тарта авторлық куәліктері бар екен.

Иә, трест ұжымы жер астында тарам-тарам су құбырларын салды, біз оны көзбен көрмейміз, бірақ елге таза су ішкізіп, адамдардың мейірін қандырды, халыққа береке әкелді. Өзгені де ойлаған адамдықтың белгісі дегендей жер бетіндегі көзге көрінетін құрылыстар тізіліп бой көтергенде трест ұжымына ауылдың да, қаланың да айтар алғысы көп. Трест архивіне үнілер болсақ бұл ұжым Қазақстан жерінде елуге тарта жаңа елді мекенді ауыл-селоларды салдырған. Тек Петропавлда 150 мың шаршы метр тұрғын үйлер, ондаған дүкендер, бала бақшалары,

мектептер, дәрігерлік бөлмелер, спорт залдары мен алаңдары салынып, жабдықталған. Мәселен қаладағы “Маталар”, “Универсам” дүкендері, “Лалочка” балабақшасы, “Водник” санаторийі, “Балдырған” балалар лагері, т.с.с. бой көтерді олар халық игілігіне айналды.

Өзінің негізгі мемлекет алдындағы міндеті – су шаруашылығы бола тұра оған қосымша қалаға, ауылға көмек көрсету тікелей трест басшысына, оның инициативасына, адамдық қасиетіне байланысты іс болды. Балалар қоры, балалар үйі дегенде Қаттай Кеншінбайұлы елен етіп, сөзге де, іске де жедел араласып кетуші еді. Жетімдіктің зардабын жастайынан сезінген ол панасыздарға жүрегі елжіреп, қамқоршы болуға асығатын, оны нақты ісімен көрсететін. Сексенінші жылдары әке-шешесінен айрылған панасыз жетімдерді балалар үйінен алып, жеке жанұяда тәрбиелеу деген бір қозғалыс, имандылық ұсыныс пайда болды. Мен ол кезде облыстық оқу басқармасында балаларды қорғау және интернаттар деген бөлімін басқаратынмын. Осы істі орындау үшін “Жанұялы балалар үйлерін” ұйымдастыру қажеттігі туды. Алдымен сол жанұяның әке-шешесін таңдау, үй құрылыстарын жүргізу, оның материалдық базасын құру, жетім балалар үйлерінен туысқандық байланысы бар балаларды іріктеу, т.с.с. күрделі мәселелермен айналыстық. Осы игі істе алдымен қол үшін берген Қаттай Кеншінбайұлы болатын. Ол Дудниковтар ерлі-зайыпты адамдарға екі қабатты коттедж үйін салғызып берді. Онда 11-13 адамға арналған бөлмелер, ас үйі, ойын бөлмелері, ойын алаңдары жабдықталып, 11 бала асырап, тәрбиелеуге толық мүмкіндік жасалды. Осыдан кейін қалада тағы бірнеше жанұялы балалар үйлері ашылды. Бұл бастама әр баланың жүрегінде жылылық сезім оятып, жетімдіктің ызғарын жібітіп, сейілтуге үлкен әсерін тигізгені бәрімізге аян.

“Ауылға көмек, қала ауыл қамқоршысы” деген ұран шықты жетпісінші жылдары. Осыған орай “Союзцелинвод” тресі келешегі жоқ тозығы жеткен, жетім балалар сияқты панасыз қалған Ақсу, Жаңасу, Еңбек ауылдарын (Шал ақын ауданы) өз қамқорлығына алды. Жетпісінші жылдардың аяғында осы аталған үш ауыл біріктіріліп, бір “Еңбек” кеңшары боп құрылды. Қ. Кеншінбайұлының қазақ ауылдарына деген сезімі зор қамқорлыққа, үлкен нақтылы істерге айналды. Ол тұралап қалған ауылдарды біріктіріп, бір орталыққа (Жаңасуға) бағындырып, осы кеңшардың ірге тасынан бастап, барлық құрылыс жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде, ауыл-ауыл араларына жолдар

салынды, көшелер асфальтталды, 460 орындық жаңа мектеп үйі, 140 орындық балалар бақшасы, бірнеше жаңа тұрғын үйлер, асхана, клуб, дүкен бой көтерді. Одан кейін жаңа жабдықталған шеберханалар, гараждар, мал қоралары мен фермалар, астық қоймалары салынды, 600 гектар егістік жер суармалы жерге айналды, ауыл тұрғындарына су құбырлары арқылы таза су жеткізілді. Сөйтіп ауыл өмірі құлпырып шыға келді. Егін егу науқанына да механизаторлармен, техникамен де көмектесті трест.



Қаттай Кеншінбайұлы 70 жылдық мерейтойында
ұлы – Александр, қыздары – Леонелла, Даната, зайыбы Раушанмен.

Трест ұжымы өзінің құрылыс бөлімшелерімен біріге отырып Есіл өзенінің бір саласы Иманбұрлық өзені мен Питное көлінің арасынан суару-суландыру каналының құрылысын жүргізді. Соның нәтижесінде суы азайып бара жатқан Кіші және үлкен Тораңғұл, Сарыкөл, Балықты сияқты көлдердің суы молайып, арналары толды. Лебяжье көлін (Соколов ауданы, бүгінгі Қызылжар) тазартып, балық өсіріп, ара ұстап қосалқы шаруашылық арқылы трест адамдарына көмек жасады.

Қажырлылық пен іскерлік, көрегендік пен ұйымшылдық, нәтижесінде кең байтақ Қазақстан жерінің қомақты бір өңірі, өлкесіне – Солтүстік Қазақстанға таза судың келуі, ауылдың жақсаруы сол кезде елдің еңсесін көтеріп, бір серпілтіп тастаған еді ғой. Соның біз куәсі болдық, көзіміз көрді. Осы ұланғайыр істің басы-қасында үнемі Қаттай Кеншінбайұлы болды, басқарды, ұйымдастырды. Әркімнің өмірден алатын өз орны, өз сыбағасы бар. Қакеңнің де өз орны, өз сыбағасы, өмірден алар өз еншісі болмақ. Осындай асыл азаматтың ғұмыры ұзақ болған жоқ, 72 жасында дүние салды. Яғни 2001 жылдың 16 мамыр күні қайтыс болды. Ауырып, көп михнат көрді. Дегенмен өмірі әр қилы: өмірдің ащы-тұщысына, қызығы-шыжығына, сәнді-салтанатына толы болды. Қызметі үнемі өрлеу үстінде өтті.

Адам қашан да елін ойлайды, жерін сағынады, туыстарын іздейді, Қаттай 70-ке толу қарасыңында туыстарын жиып, бейне таспаға түсіріп, бастарын қосты, ескерткіш болсын деп. Ата жұртын аралады, ескі достарымен кездесті. Әке-шешесінің зиратының басына барып құран оқытты.

Қаттайдың ел-жұртына жасаған жақсылығының бірі – Ұлы Отан соғысында құрбан болғандарға ескерткіш орнату ісі еді. Бұл ескерткіш 1994 жылы бұрынғы Қызылту ауылының ескі жұртында (Сартомар мен Ивановка елді мекендерінің арасында) орнатылды. Одан соң Ұйтал деген ескі жұртында атақты Бектас атасына ескерткіш орнатты.

Қаттай Кеншінбайұлының адалдығы, еңбекқорлығы, қарапайымдылығы, өз ісін шексіз бағалайтындығы адамды тандандырады. Онымен қатар сабырлылығы, ақылдылығы адамды мейлінше таң қалдырады. Қайырымдылық, мейірімділік оның сүйегіне, болмысына біткен қасиет. Бұл жерде Қакеңнің сіңірген еңбегінің бағалануы жайында да айта кеткен жөн. Өйткені ол да адамның дәрежесін білдіретіні сөзсіз.

Мемлекетіміз Қаттай Кеншінбайұлының елге сіңірген ерен еңбегін ескеріп төрт мәрте ордендермен марапаттады, олардың үшеуі “Еңбек Қызыл Ту” ордені (1971, 1976, 1981 жж.), “Құрмет белгісі” ордені (1967 ж.). Оған қоса “Тың игеру”, “Ерен еңбегі үшін”, “Еңбек ардагері” медальдары берілді. Екі рет Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің мақтау грамотасымен марапатталады (1972, 1979 жж.). “Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген гидротехнигі” деген құрметті атаққа ие болады.

Қ. Кеншінбайұлы шет елдерді жиі аралаған адам. Мәселен өзінің жұмыс бабымен Венгрия мен Италияда, Бейбітшілік қорының

жолдамасымен АҚШ-та және Бельгияда, турист ретінде Болгария мен Индияда болып қайтты.

Халық депутаттары Петропавл қалалық кеңесінің атқару комитеті (30.11.1989 ж.) Қаттай Кеншінбайұлына “Петропавл қаласының құрметті азаматы” атағын беру жөнінде шешім қабылдайды. Бұл құрметті Қаттай Кеншінбайұлының қала жұртшылығы алдындағы сіңірген орасан еңбегі және қоғамдық белсенділігі үшін берілді. Ол қаланың “Құрмет кітабына” жазылды.

Қаттай жөнінде туғандары не айтады?

Александр деген ұлы: “Біздің жас кезімізде әкеміз бізді тәрбиелеуге аса көңіл бөлмеді. Оған уақыты да болмады. Бала кезімізде тәртіп бұзуға да бармайтынбыз. Үйткені әкеміздің беделіне нұқсан келуі мүмкіндігін түсінетінбіз. Кейде бізді бастықтың баласы деп кекетіп те жүрді. Бірақ, әкенің беделі де бізге көмектеспей қойған жоқ. Бұл күндері ер жеттік, өз беделіміз де баршылық...”

Дана деген көпей қызы: “Менің әкем маған көп көңіл бөлді. Мүмкін мен кенжесі болғандықтан да шығар. Ойында да, серуенге де бірге шықтық. Әйтеуір айтқандарымның бәріне көніп отырды...”

Сүйікті жұбайы Раушан: “Қаттай өте қарапайым, кішіпейіл, әрі ақылды адам еді. Сөйлесе кеткенде өте мағыналы сөйлеп, адамды бірден өзіне тартып алатын. Соңғы, зейнеткерлікке шыққан кезде өзі қолынан өткізген істердің бүгінгі халін көріп қатты қынжылатын болды...” – дейді.

“Су ағады, тас қалады. Кәрі кетеді, жас қалады дегендей” Қаттай фәни дүниеден өтті. Артында өшпес із қалды, өндірісте ашқан жаңалықтары халық игілігіне айналды, ол салдырған мыңдаған шаршы метр үйлерде қала тұрғындары тұрып жатыр, жетім балалар үйі мен балабақшаларында сәбилер күлкісі сыңғырлап естіліп жатыр. Қаттай Бектасұлының қолы тиген, аяқ басқан жерінде оның аты қалған. Ендеше оның есімі әрқашан ел есінде сақталады. Өзі тұрған үйдің қабырғасында ілулі тұрған ескерткіш тақта да осының айғағы сияқты...

Қаттай Кеншінбайұлы тұяқсыз емес. Артында өз кіндігінен тараған екі-үш балалары, сүйікті жанжары Раушан Жүнісқызы Шүкенова қалды. Раушан Жүнісқызы ғалым, химия ғылымдарының кандидаты, Солтүстік Қазақстан университетінің профессоры. Қақеңнің балалары және немерелері жайында айта кетейік.

Леонелла Қаттайқызы 1954 жылы туған, жоғары білімді, жанұясы бар. Мәскеу қаласында тұрады. Ал оның ұлы – Антон Авдеев Мәскеу университетін бітірген, Киев қаласында тұрады.



Қаттайдың Көкшетау қаласында бірге оқыған жолдастары.

Александр Қаттайұлы Кеншінбаев 1956 жылы туған. Петропавл қаласында тұрады, жоғары білімді, жанұясы бар. Құрылыс-инженері, осы мамандық бойынша құрылған бір фирманы басқарады. Александрдың ұлы – Кирилл Кеншінбаев Харьков қаласында тұрады.

Даната Қаттайқызы, 1981 жылы туған, Мәскеудегі М.В. Ломоносов атындағы мемлекеттік университетінің 5 курс студенті, география факультетінде оқиды. Одан геоэколог, аудармашы мамандықтарын алып шығуға тиіс.

Қаттай балаларының алғашқы екеуі – Леонелла мен Александр Зинаида Александровнадан туған, ал соңғысы – Даната Раушан Жүнісқызынан туған.

Ат тұяғын тай басар дегендей, Қақеңнің артында қалған ұрпағы оның салған ізін әрі қарай жалғастыруда. Қаттай Кеншінбайұлының соңғы айтқан сөздері (теледидар корреспонденттеріне берген сұхбаттары) өте құнды тұжырым болмақ. Ол: “Мен бақыттымын. Жетімдіктің зардабын қиындықты көп көрсем де кейін халқыма адал қызмет атқардым. Оқыдым, білім алдым. Тіршіліктің көзі су. Сол сумен елді құнықтырдым. Көшелерді түзедім, үйлер салдым, дүкен мен балабақша, сауықтырғыш тұрғыздым. Көшеде халық жылы шыраймен амандасады. Осыдан артық бақыт бар ма? Қайсысы болсын, үлкені, кішісі, орысы, қазағы қандай көмек сұраса да аямадым...” – деген еді.



Петропавлдағы қазақ мектеп-интернатының 50-жылдық мерейтойындағы кездесу.

Иә, Қаттай Кеншінбайұлы өз орынында, өз елінде болды. Еліне адал қызмет етті. Қарапайымдылығы мен ұлылығы қатар жүрді. Ол ірі қызметкерге де бармады, сол трест басшылығында тапжылмай ширек ғасыр қызмет атқарды. Халыққа да, басшыларға да ұнау екінің бірінің қолынан келе бермейді. Қызметтес жолдастарының айтуына қарағанда Қаттай қызметте қатаң болған, қатаң тәртіп орнатқан. Сондықтан да қызметкерлері жинақы, іскер болуға тәрбиеленген, соған дағдыланған.


Ал, шын мәнінде ол өте қарапайым адам. Жұмыскерлерге, көмек сұраған адамдарға әрқашан қол үшін беруге даяр. Өзінді аяғына дейін тыңдайды, содан кейін нақты жауап береді, айтқанын орындайды, көпсөзділік жоқ. Міне, Қаттай осындай адам еді. Өзінің іскерлігімен, ізгі адамгершілігімен тресті бүкіл Одаққа танытты, өзін де танытты.

Журналист Жараспай Сүлейменовтың 1999 жылы ұйымдастырған “Ой толқын” атты телехабарында Қаттайдың адамдық қасиеттерін, елге сіңірген еңбегін айқын түрде паш етті. Онда Қаттай Кеншінбаевты жақсы білетін, онымен қызметтес болған лауазымды адамдар жылы-жылы лебіздер айтып 70 жылдық мерейтойымен құттықтаған еді.

Сол сияқты орыс редакциясының корреспонденті К.К. Калитова “С болью и надеждой в сердце” деген телехабар ұйымдастырып, телекөрсермендерді Қаттайдың ұланғайыр еңбегімен таныстырған еді.

Қаттай Кеншінбаев сияқты абзал азаматты ел де ешқашан естен шығармақ емес.

Ғалым Қадірәліұлы
2005 ж.



Желтоқсан тоңдырмайды

...1952 жылдың 17 желтоқсаны еді. Қаттай Кеншінбаев – Барнаул қаласындағы машина жасаушылар институтын бітіріп келген жас маман. Томск қаласындағы подшипник зауытында еңбек етіп жүр. Соның жатақханасының бір бөлмесінде өзі сияқты үш инженермен бірге тұрып жатыр.

Сол күнгі жұмыстан оралған беті. Бөлмеге кіріп келсе – үстел жасаулы тұр. Бәрі абыр-сабыр. Қаттай жұмыс киімін шешті, жуынып-шайынды, содан кейін ғана:

– Не қылған мереке? – деп сұрады. Әріптестері өзінен бетер таңданды.

– Бүгін туған күнің емес пе еді?

– Иә, – деді Қаттай қипалақтап.

Жиырма үшке толған жас жігіттің туған күнінің бірінші рет атап өтетіні еді. Сонда көкірегін кернеген қуаныштан жылап жібере жаздағаны әлі есінде.

Сібірдің желтоқсаны – аязы жалап тұратын суық ай. Ол бөлмедегі жалпақ пеште жанып жатқан отқа қарап отырып, жазы жоқ, қысы ғана бар өткен өмірін көз алдына келтірді...

1929 жылдың 17 желтоқсаны – оның атақты Сасықкөл маңындағы Қызылту ауылында шыр етіп дүниеге келген күні осы. Желтоқсан желі оны туа сала тоңдырды: жасқа толмай жатып әкесі қайтыс болды. Ал алты жасында тұл жетім қалды: шешесі Бибіғайша да көз жұмды.

1936 жылы Қызылту бастауыш мектебінің бірінші сыныбына барды. Ішер асқа, киер киімге жарытпаған аш-жалаңаш жылдар-ай! Бір жылы пимасыз қалған оны Қабиба әпкесі мектепке арқалап апарып жүрді. Сөйтіп жүріп бастауыш мектепті бітірді.

Одан кейін Сартомар жетіжылдық мектебінің табалдырығынан аттады. Онда екі жыл оқыды. Ал, 1941 жылы соғыс басталғаннан кейін оқу жайына қалып, кол диірменнің тасындай шақыр-шұқыр айналған дүние құлағынан баланың қолын босатпады. Көктемде сиыр жегілген соқаның соңында жүрді, күзде лобогрейканың қасынан табылды. Күнүзақ, кейде тіпті айдың жарығымен жұмыс істеуге тура келді. Адам ауыр жұмысқа төтеп бере алады екен, тек аштыққа шыдау қиын.

Абырой болғанда, фермада есепші болып еңбек еткен үлкен әпкесі Жәмкетай жалғыз інісін ашықтырмауға тырысты.

1942 жылы Сартомар мектебінің жанынан интернат ашылды. Оқуын қайтадан жалғастырған ол жетінші сыныпты мақтау грамотасымен тәмамдады.

Сөйтіп, жақын маңдағы оқудың басы қайырылды. Енді қайда бару керек? Оның арып-ашып жеткен жері Көкшетау болды. Сондағы педагогикалық училищеге қабылданды. Әттен, әкесі де, шешесі де жоқ баланың жалғыз стипендиямен оқуы, киінуі және тамақтануы мүмкін емес еді. Ондағылар сондағы жетім балаларға арналған қазақ мектеп-интернатына баруына ақыл қосты.

Түске дейін педучилищеде оқыған ол түстен кейін әлгі айтылған № 3 интернат-балалар үйіне құжаттарын тапсырды. Онда барса, орыс тілі сабағы жүріп жатыр екен. Мұғалім аты-жөнін және қайдан келгенін сұрады да: “Қарындаш пен дәптеріңді ал да, сабақты жаз”, - деді. Мұның қара басынан басқа ештеңесі де жоқ еді. Ескі кітаптардың беттерін жыртып алып, оның ашық жерлеріне жазып жүрген бала емес пе. Сөйткенше болмай бір қыз орнынан көтеріліп, дәптері мен қарындашын ұсынды. Ол жерлесі Нағима Мұқаева еді. Сол жылдан бастап, қашан институт бітіргенше өзі де Мұқаевтың отбасының бір мүшесі болып кететіндігін кім білген?

Балалар үйінде аштан бұралған ешкім де болған жоқ. Қолдан пісірілген нан бөріне де берілді. Көкөніс те аздап ауыздарына тиді. Ботқасы тағы бар. Қысқасы, аштық қысқан жоқ. Мұндай жағдайда бір кереуетке екі-екіден жату ешқандай михнат емес. Бозбала болып қалған балалар көктемде картоп салуды, күзде оны жинап алуды, жазда отын дайындауды мүлтіксіз атқарды.

1947 жылы осы орта мектеп-интернатты бітіріп шықты. Он екі түлектің қақ жартысы тау-кен институтына түсуге Алматыға аттанады. Жеке басын куәландыратын бір құжаты жоқ бұл болса тууы туралы куәлікті ала алмай, Смирново мен Сартомардың арасында жаяулап-жалпылап екі ай жүрді.

Туған ағасындай болып кеткен Уәлихан Мұқаевтың тағы да көмегі тиді: куәлікті қолына тигізген сол, Қазақстан Компартиясы мен Үкіметінің жолдамасы бойынша Барнаулдағы машина жасау институтына аттанған абитуриенттердің соңғы тобына қосып жіберген де

сол. Ондағы соңғы емтиханға – осы орыс тілі пәні бойынша - әрең үлгерді. Қазақ мектебін бітірген оның жазған шығармасынан 135 қате шықты.

Нақ сол күні талабы таудай бозбаланың басына бармақтай ғана бақта қонды. Бақ дегенің бір адамның бір-ақ ауыз сөзі екен-ау... Әлгі институт директоры орынбасарының зайыбы бұған таяп келіп: “Бала, сен біздің институтта оқитын болсаң, ертең математикадан емтихан тапсыруға кел”, - деді. Бұл пәнді жақсы білетін ол ертеңінде сүрінбеді. Физика мен химиядан да қара жаяу емес екендігін көрсетті. Сөйтіп, 1-ші курсқа студент болып қабылданды.

Орысша білмейтін қазақ студентіне алғашында қиын болғандығын сұрамаңыз! Оқудың машақаты өз алдына, күнкөрістің қиындығы одан бетер! Не үйі жоқ, не күйі жоқ студенттің 25 сомды бір ай талғажау етуіне тура келді. Әйтеуір, екінші курстан бастап кешкілік анда-мында жұмыс істеп, тамағын тауып жүрді. Жазғы каникул кезінде де қарап отырмады: Көкшетаудағы Мұқаевтардың үйінде босқа жатпай, техникумда емтихан қабылдады. Төртінші курстан кейін зауытта да жұмыс істеп, жалақысына алғаш рет костюм сатып алғанын қалай ұмытар?

Міне, осындай тауқыметі мол болған бес жыл да артта қалды. Қалтада – инженердің дипломы. Сол бетімен Көкшетауға барды, Алматыға барды, одан Барнаулға қайта келді. Бірақ дәм тартса, дауа бар ма, ол Томск қаласының топырағын басты. Сондағы подшипник зауытында еңбек жолы басталып кетті.

Бұл 1952 жыл еді. Өмірі ешкім аузына алмаған оның туған күні алғаш рет атап өтілген желтоқсанның 17-і жақындап келе жатты...

Опыр-ай, содан бері қаншама жылдар өтті, ө?! Тайганың мәңгілік тоңына міз бақпаған жастық шағы-ай! Енді, міне, “жер таянбай тұра алмайсың” деген жетпіс жастың асуын алған сәті. Желтоқсанның жаңа жауған қарындай әппақ шашын баппен салалап отырып, Қаттай аға өткен өміріне ой жібереді...

Томскідегі подшипник зауытында өзімен бірге еңбек етіп жүрген болашақ жары – Зинаида Александровнамен танысты. Сөйтіп жүргенде 25000 жас инженерді ауыл шаруашылығына аттандыруды мақұлдаған сентябрь Пленумының қаулысы жарқ ете қалды. Соңғы пароходқа отырған қазақтың жас инженері Қиыр солтүстіктегі бір МТС-тен бір-ақ

шықты. Болашақ жарына: “Қыстүгіні келіп алып кетемін”, - деуге ғана шамасы келді.

Жігіт, уәдесінде тұрды, әрине. Екеуі Қиыр солтүстікте отау тігіп, бір шаңырақтың астында бес жыл тайганың дүлей күшіне төтеп берді. Баяғыда Көкшетаудың интернатында отын кескенде шаршап-шалдығуды білмеген жігіт бір қыста тайганың 30 текше метр қарағайын құлатуға да қиналған жоқ. Ескі комбайндар мен тракторларды жөндеу де өмір мектебіне айналды.

Мұндай жігіттің Солтүстік Қазақстанға оралауына, әрине, ондағылар қарсылық білдірді. 1959 жылдың сәуірінде ғана Томск облысындағы Колпашев ауданпарткомы бюросы өтінішін қанағаттандырды.

О, туған жер! Ол орналасқан “Чистов” кеңшарының дөңінен қарасан, Қызылту ауылы көрініп те қалатындай. Мұнда КСРО кеңшарлар министрі болған, қазір “Чистовтың” директоры А.И. Козловтың басшылығымен еңбек етті. Тегінде, сол кісінің ұсынысы шығар, бұл үш-төрт айдан кейін обкомның нұсқаушысы қызметіне шақырылды. Онда еңбек еткен төрт жылда дүниенің төрт құбылысын түгел көргендей болды. Облыстың барлық жетістіктеріне қанықты, барлық ауданда болды, олардың басшыларымен жете танысты. Кадрларды даярлау, тәрбиелеу және орналастыру әдісіне көз жеткізді. Жоғары жауапкершілік пен талапшылдыққа, тәртіп пен өзін-өзі ұстай білуге тәрбиеленді.

1964 жылы Тың өлкесінде мал фермаларын механикаландыруды дйттеген төрт мердігерлік-монтаждау басқармасы құрылды. Соның облысымыздағысын басқару тізгіні Қаттай ағаның қолына берілді. “Петропавл” мен “Мамлют” кеңшарларының барлық бөлімшелерінің фермаларын механикаландыру жұмысы бір-екі жылдың ішінде түгелдей тындырылды. Алғаш рет омырауына орден (“Құрмет белгісі”) тағылғаны сол жылы.

1967 жылы облыстық мелиорация және су шаруашылығы басқармасының бастығы болып тағайындалды. Суландыру мәселесімен мықтап айналысқан кезең басталды.

1969 жылы “Союзцелинвод” тресінің басқарушысы болып тағайындалды. Онда түп-тура қырық жаста. Мақтанғандық емес өміріндегі жаңа дәуір еді ол Қазақстандағы ғана емес, КСРО-ның біраз бөлігін қамтыған бұл трестей құлашы кең кәсіпорын жоқ еді.

Республиканың алты облысында 16 мың километр магистральды су құбырлары тартылды. Петропавл қаласында екі зауыт салынды. Ол тресті басқарған ширек ғасырда қанша ауыл, қанша дүкен, қанша мектеп салынғандығын тізе берсек, бір параққа дейін барып қалар-ау.

Қаттай аға атқарылғанның бәрін бірдей аузын толтырып айта бермейді. Айтса, толығымен трестің күшімен салынған “Еңбек” кеңшарын мысалға келтіруі мүмкін. Сергеев ауданының ең түкпіріндегі түтіндері селдірей бастаған үш қазақ ауылын жаңа кеңшарға айналдырған еді. Онда орта мектеп, клуб, балабақша, жол, телефон желісі, мал фермалары, суландыру учаскелері салынды.

Оның өзінің туған ауылы – Қызылту “болашағы жоқ” деген желеумен жұрты ғана қалған болатын. Соның қармысын “Еңбекте” қайтарды, бәлем!

Жетімдіктің не екендігін жетік білетін Қаттай аға қайырымдылыққа келгенде де жеке-дара жүрді. Петропавл қаласындағы жетім сәбилер үйін отыз жыл бойы қамқорлығына алған трестің аты, әрине, “Союзцелинвод”. Облыс орталығындағы жетім балаларға арналған мектеп-интернатқа ұдайы көмектесіп отырған да Қаттай аға басқарған осы трест. Он екі жетім баланы тәрбиесіне алған Дудниковтарға отбасылық балалар үйін салып бергені және бар.

Қаттай ағаның атақ-даңқы бір басына жетерлік. “Еңбек сіңірген гидротехник”, “Ауыл шаруашылығын сумен жабдықтау ардагері”, “Құрмет белгісі”, Еңбек Қызыл Ту орденімен үш мәрте, КСРО Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің алтын, күміс, қола медальдары түгел, Петропавл қаласының құрметті азаматы, тағысын тағылар.

Ол сол баяғы тресінде әлі де кеңесші болып жүр. Октябрь көшесіндегі үйінен шығып, күнде Конституция көшесін бойлай жұмысқа бара жатады. Қызық: қыстың басы биыл жылы болып тұр. Әдетте ақырып тұратын желтоқсанның қары да аз, ызғары да жоқ. Жо-жоқ, бұл қалпында қала бермеуге тиіс. Желтоқсаннан басталып, тоқсан күнге созылатын ызғарлы қыс әппақ шырайымен әсем. Оның аязы екі бетінен сормаған жігіт әлжуаздың өзі болып шығады.

Желтоқсанның желі тондырмайды.

*Болат Қожахметов,
СҚ газеті, 16.12.1999*



Қаттайдың жұбайы Зинаида.



Томск қаласындағы институттағы жолдастары.

Зырлаған күндер-ай десенізші. Кеше ғана сияқты еді. Облысымызда ғана емес, республика көлемінде есімі құрметпен аталған, айбыны асқақ, атағы зор азаматымыз Қаттай Кеншінбайұлы соңғы сапарға шығарып салып, қалың елінің қабырғасы қайысқан қаралы күннің артта қалғанына да бір жыл өтіп кетіпті. Енді міне жылын бергелі жиналып, асыл азаматтың көкіректен кетпес жарқын бейнесін еске алып, оның еліне қалдырған игі істерін, жер үстінде көмескі тартпай сайрап жатқан іздерін бір сәт көз алдымыздан өткіземіз.

Қаттай Кеншінбайұлы бұрынғы “Ленин туы”, қазіргі “Солтүстік Қазақстан” газеті редакциясымен тығыз байланыста болып еді, ол кісінің еліне істеген жақсылықтарын сіздер жақсы білесіздер” деп марқұмның отбасынан да тілек айтылып, мұңды үн естілді.

Ия, шынында да Қаттай Кеншінбайұлы біздің редакцияға, өтірік айтпайық, жиі болмаса да, ұмыттырмай анда-санда келіп тұратын. Газетіміздің редакторы Уәп Әшімұлы Рақымжановпен мектепте бірге оқыған екен. Екеуі емен-жарқын әңгімеге көміліп, мәре-сәре болысып қалатын. Сонда орталарына мені де шақырып алып, Уәкең ежелгі досымен жақын таныстыруды мақтаныш көруші еді. Досы дәйім орысша сөйлейтін. Кейде арасында қазақ сөздерін де қосып кететіні бар. Сонда аңғарғаным: қазақшасының да жібі тұзу. “Детдомда өсті. Орыс арасына сіңіп кетті. Мектепте алғашқы кезде бірге оқып едік. Керемет алғыр. Алып тресті ұршықтай үйіріп отыр”, - деп Уәкең мақтауын жеткізе алмай масайрап қалатын. Екеуі әзіл-қалжың айтысатын, сонау бір балалықтың базарлы жазын еске алып рахаттана күлісетін.

Қаттай Кеншінбайұлы ол кезде “Союзцелинвод” атты үлкен тресті басқарушы еді. “Союз” деген бастапқы сөздің тіркесуін түсінбей аңтарылғанда трест қызметкерлері: “Бүкіл Одақ бойынша қызмет істейміз. Союз сөзі текке тіркесіп тұрған жоқ” десетін. Алып аталуының себебі де осы. Одақ көлемінде сумен жабдықтау мәселесімен айналысады. Петропавлда отырып Тәжікстан, Өзбекстан, Краснодар, Уфа, Түменнің солтүстігінде мұзды мұхитқа тірелетін бөлімшелерін басқарады, телефон, рация байланысы тұрақты. Қажет болса арнайы самолетпен ұшып барады. Өздері тікелей Мәскеуге бағынады.